

**01.07.2023 жылдан бастап
Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін
қолданысқа енгізуге байланысты
зейнетақы заңнамасына өзгерістер**

1. 01.07.2023 жылдан бастап БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының мөлшері өзгереді

01.07.2023 жылға дейін

БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасы зейнетақы активтерінен айына **0,01** пайыз мөлшерінде белгіленеді

01.07.2023 жылдан бастап

- БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының мөлшері зейнетақы активтерінен айына **0,008** пайыз мөлшерінде белгіленді. Бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын **0,04** еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында тиісті күнтізбелік айдың 1-күніндегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары есепке алынатын зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауы тиіс;

2. 01.07.2023 жылдан бастап ЕЖЗҚ комиссиялық сыйақы мөлшерінен зейнетақы активтерінен түсетін кіріс алынып тасталады

01.07.2023 жылға дейін

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы төмендегі шамалардан жоғары емес шектерде белгіленеді:

- 1) инвестициялық табыстың 15 пайызы;
- 2) зейнетақы активтерінің айына **0,05** пайызы. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысын алу тәртібі мен шамасы ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленеді.

01.07.2023 жылдан кейін

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық табыстың 15 пайызынан аспайтын шектерде белгіленеді.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақысының шамасы мен оны алу тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленеді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫҒА СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРУ

- 1. 01.07.2023 жылдан бастап зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру үшін қолжетімді соманы есептеу тәртібі өзгереді**
- 2. 01.07.2023 жылдан бастап зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруына қайтару мерзімі қысқарады**

01.07.2023 жылға дейін

ЖЗШ-дағы МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының нақты сомасы мен атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаның зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспауға тиіс.

БЖЗҚ-ға ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш бергеннен кейін кемінде 2 жыл өткен соң беріледі.

- 3. 01.07.2023 жылдан бастап ЖЗШ-дағы МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ИПБ сенімгерлік басқаруына беру үшін қолжетімді мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда, атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтары сомасының 100% мөлшерінде өзгеріссіз қалады.**

- 4. 01.07.2023 жылдан бастап ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына беруге болады. Оның мөлшері - атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаның ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтары сомасының 100%.**

01.07.2023 жылдан кейін

ЖЗШ-дағы МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары сомасының 50% аспауға тиіс.

ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына **берген күннен бастап кемінде 1 жыл өткен соң ұсынылатын болады.** Егер зейнетақы жинақтары бір ИПБ-ға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған жағдайда, зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына қайтару зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға **алғаш берген күннен бастап 1 жыл өткен соң ғана жүзеге асырылатын болады.**

Өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының пайдасына тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзіне немесе жұбайына (зайыбына) немесе жақын туыстарына емделуге ақы төлеу үшін
БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. 01.07.2023 жылдан бастап біржолғы зейнетақы төлемдері МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылмайтын болады.

01.07.2023 жылға дейін

Біржолғы зейнетақы төлемдері **МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен** қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан жүзеге асырылуы мүмкін.

01.07.2023 жылдан кейін

Біржолғы зейнетақы төлемдері **тек МЗЖ есебінен** қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан ғана жүзеге асырылатын **болады.**

2. 01.07.2023 жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы болып табылатын МЗЖ салымшылары тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдеріне құқылы болады.

ЖЕРЛЕУГЕ БЕРІЛЕТІН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары төлемі Зейнетақы аннуитеті

- 1. 01.07.2023 жылдан бастап жерлеуге берілетін біржолғы төлем мөлшері 41,6 АЕК-ке өседі.**
- 2. 01.07.2023 жылдан бастап қайтыс болған адамның отбасы мүшесі болып табылмайтын, бірақ жерлеуді жүзеге асырған адам жерлеуге біржолғы төлем алуға құқығы бар адамдар қатарынан шығарылатын болады.**

01.07.2023 жылға дейін

Алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да, ЕЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, **оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға** республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген (2023 жылы 180 780 теңге) **52,4 еселенген АЕК**, бірақ жеке зейнетақы шотындағы қаражаттан артық емес мөлшер шегінде жерлеуге біржолғы төлем төленеді.

01.07.2023 жылдан кейін

БЖЗҚ-да, ЕЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, **оның отбасы мүшелеріне** БЖЗҚ, ЕЖЗҚ қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген **94 еселенген АЕК** мөлшері (2023 жылы 324 300 теңге), бірақ жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан артық емес шегінде жерлеуге біржолғы төлем жүргізеді.

ЕЗЖ ЕСЕБІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ТӨЛЕМІ

01.07.2023 жылдан бастап ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығы бар тұлғалар тізбесінен:

- БЖЗҚ-да немесе ЕЖЗҚ-да ЕЗЖ сомасы және оларға есептелген инвестициялық кіріс шегінде **зейнетақы жинақтары кемінде 5 жыл болған** адамдар алынып тасталады;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға "кететін" мәртебесіне ие шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар шығарылады, тек **"кеткендер"** мәртебесіне ие тұлғалар қалады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ

- 1. 01.07.2023 жылдан бастап** сақтандыру ұйымымен зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқығы бар адамдар санатынан БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген бірінші және екінші топтағы мүгедектік берілген адамдар шығарылатын болады.
- 2. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап** сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқығы бар адамдар енді мұндай шартты сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымының қатысуымен жасалған интернет-ресурс арқылы жүзеге асыра алады.

БЖЗҚ-ға ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ, ЖМЗЖ

1. 01.07.2023 жылдан бастап агент болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған жұмыстарды орындау (**қызмет көрсету**) нысанасы болып табылатын **азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге міндетті болады. 01.07.2023 жылға дейін аталған адамдар БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуден босатылды.**

2. 01.01.2024 жылдан бастап құрамына БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары енгізілген бірыңғай жиынтық төлем алынып тасталады.

3. БЖЗҚ-ға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есепке алу), аудару, олар бойынша өндіріп алу, оларды сақтау және есебін жүргізу, ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мәселелерін реттейтін Әлеуметтік кодекстің нормалары, сондай-ақ, шартты зейнетақы шоттарының құпиялары **2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылады.**

БЖЗҚ-ға **01.01.2024 жылдан бастап** төленуі тиіс **ЖМЗЖ** агенттің, өзге де ақылы жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдардың өз қаражаты есебінен **жүзеге асырылатын болады және ЖМЗЖ** есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысынан төмендегі мөлшерде **белгіленеді:**

01.01.2024 жылдан бастап – 1,5 пайыз мөлшерінде;

01.01.2025 жылдан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;

01.01.2026 жылдан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;

01.01.2027 жылдан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;

01.01.2028 жылдан бастап – 5 пайыз мөлшерінде.

ЖМЗЖ есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болмауы және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

ЖМЗЖ-ны "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауында көрсетілген бірыңғай төлем құрамында төлеуді таңдаған салық агенттері үшін жұмыс берушінің жалақыдан төленетін бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі міндетті зейнетақы жарналарының үлесі мынадай:

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 7,0 пайыз;

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 10,5 пайыз;

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 14,1 пайыз;

2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 17,4 пайыз;

2028 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 19,0 пайыз.

ЖМЗЖ-ны агенттер БЖЗҚ-ға Мемлекеттік корпорация арқылы пайдасына ЖМЗЖ төленетін жеке тұлғалардың тізімін тіркей отырып, жүзеге асырады.



Рахмет!

